

Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округінде орналасқан "Едіге" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 26 наурыздағы № 1-04/13 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 наурызда № 6766 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 22 шілдедегі № 1-04/26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округі әкімінің 22.07.2020 № 1-04/26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және Баянауыл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 27 ақпандағы № 2-19/43 ұсынысы негізінде, Торайғыр ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округінде орналасқан "Едіге" шаруа қожалығының аумағында ірі қара малдың құтыру ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Торайғыр ауылдық округінің әкімі

А. Абраров